

Мукашова Жулдыз Козыкановна
Алматы қаласындағы
химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада автор топтық жұмыс, оны тиімді ұйымдастыру жәнетопта түрлі тапсырмаларды орындата отырып көзделген мақсатқа қол жеткізе білу туралы ой қозғайды. Өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, қысқа мерзімді сабақ жоспарын ұсынған.

Кілт сөздер: топтық жұмыс, оқу белсенділігі, оқу тәсілі, бірлескен оқу, табысты мұғалім.

АННОТАЦИЯ

В статье говорится о приемах групповой работы, об эффективности организации работы в группах. Чтобы достичь цели обучения и успешно выполнить задание, необходимо проводить работу в группах. В целях обмена опытом, автор предлагает свою разработку урока казахской литературы.

Ключевые слова: групповая работа, образовательная деятельность, методы обучения, совместное обучение, успешный учитель.

ABSTRACT

The article describes the methods of group work, the effectiveness of the organization of the Group. To achieve the goal of training and successfully carry out the task, it is necessary to work in groups. In order to exchange experience, the author offers his lesson on development of Kazakh literature.

Keywords: group work, educational activities, teaching methods, cooperative learning, a successful teacher.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта-қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де басты, маңызды мәселе болып отырғаны «XXI ғасырда неіоқыту керек?» және «XXI ғасырға қалай дайындайды?».

А.Байтұрсынов: «Алдымен тәжірибелі басшы керек. Баланы оқытатын білімді мұғалім керек. Мектептің жаны мұғалімге нұр» - дегендей, қазіргі таңда мектептің жаны бола білетін өмірден түйгені мол, еңбекқор, адал жүрек, ұстаз ретінде білім берудің жаңа жүйесін меңгере отырып, әлем өзгерісімен үндесетін қасиеттерге ие болатын табысты мұғалім керек. Сондықтан да, менің ойымша бүгінгі таңда ұстаздар қауымы үшін ең басты мәселе - оқыту әдісін дұрыс таңдау.

Бірлескен оқу-бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі. Топтық жұмыс жүргізу мақсаттары:

әлеуметтік	танымдық	эмоциялық
*Тәжірибемен және идеялармен алмасу; *Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу; *Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу;	*Жұмыстың баламалы туралы идеяларды ұсынужәне пікіралмасу; *Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту.	*Топтық жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесінесүйену; *Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету.

Оқушылароқу үдерісіне белсенді қатысқанда тиімділікпен оқиды. Зерттеушілероқитын пәніне қарамастан, басқаоқу нысанында ұсынылған сол ақпараттан гөрі, шағын топтарда жұмысістейтін оқушылар, әдетте, оқытылатын нәрсе туралы көбірек біліп соның нәтижесіндеалған білімін ұзақ сақтайтындығын дәлелдеп отыр[1,78 б]. Оқушылармен топтық жұмыс ұйымдастыруоларды ынтымақтастыққа, өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыруға, өз пікірін өзгелермен бөлісуге итермелеп, сыныптағы әрбіроқушының табысты оқушы болуына жол ашады.

ЗерттеушіХоу мен Мерсер (2010) бірлескен іс-шараларақыл-ой дамуы мен оқуды, сондай-ақ қарым-қатынас дағдыларын арттыратындығын көрсетті. Пиаженің аралас жастағы топтароқушыларғаанағұрлым жақсы дамыған және нашарлау дамыған құрдастармен өзара әрекет жасау үшін кең мүмкіндік береді, бұл олардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі,-делінгендей өз құрдастарының жетелеуімен сабаққа біліктілігі қалыптасқан оқушымен топтық жұмыста әлеуметтік қарым-қатынас жасаса ғана нәтижесіндеойлау жәнесөйлеу дағдылары дамиды [1, 216].

Өз іс-тәжірибемде топпен жұмыста тапсырма берген кезде мен «мені тыңдаңдар» аймағында тұру керектігін, ал пікірталас басталғанда не тапсырманы орындауға кіріскен кезде «мені тыңдаңдар» аймағынан алшақ тұруым керектігін сақтадым. Осы ереженің оқушылар үшін де мен үшін де пайдасы көп болды деп ойлаймын. Топқа бөлуде әр түрлі әдіс-тәсілдермен қатар, алдын-ала дайындалған тізім бойынша немесе берілген тапсырманы тексеру барысында мөр қою арқылы, фишкалар мен жетондар, түрлі түстер таратуарқылы бөлінген тиімдіекеніне көзім жетті. Төменде топтық жұмысты өз тәжірибемізде қалай жүргізіп жүргенімізді дәлелдейтін сабақ үлгісін ұсынып отырмын.

Сабақ: қазақ әдебиеті		Мектеп: Алматы ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі	
Ұақыты: 2.11.15		Мұғалімнің аты-жөні: Мукашова Ж.К	
Сыныбы: 8 «Е» ШыңғысАйтматов «Найман Ана»		Қатысқан оқушыларсаны: 24	Қатыспағандар:0
Белгілі біроқыту мақсаты	Т/Ж2 Жанрларды түсіну және меңгеру АИ5Автор мен кейіпкер табиғатын терең түсіну		
Сабақтың мақсаты	Әңгімені, хикаятты (повесть), лирикалық өлеңдерді, лиро-эпостық жырларды, поэмалардағы оқиға желісін суреттейді,түсінеді және тыңдайды, өз пікірін дәлелдейді. Шығармадағы сюжеттің ерекшелігі мен құрылымын, кейіпкерлердің түрлерін анықтайды. Шығармадағы оқиғаларды шынайы өмірмен байланыстырып, сыни тұрғыдан зерттейді.		
Жетістік критерийлері	1. Шығармадағы оқиға желісін түсінеді, суреттейді және өз пікірін дәлелдейді. 2. Шығармадағы сюжеттің ерекшелігі мен құрылымын, кейіпкерлердің түрлерін анықтайды. 3. Шығармадағы оқиғаларды шынайы өмірмен байланыстырып, сыни тұрғыдан зерттей алады.		
Тілдік міндеттер	Шығармадағы 20 тірек сөздің мағынасын түсіну үшін этимологиялық сөздік қолданады		
Алдыңғы білім	Проза мен поэзиядағы символизм		
Сабақ барысы			
Сабақ кезендері	Сабақта жоспарланған оқытуіс - әрекеттері		Оқытурсурстары
Басы	Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу.		

5мин	<p>Түрлі түсті қағаздарарқылы төрт топқа бөліп отырғызу.</p> <p style="text-align: center;">«Ой тастау, ойланту...»</p> <p>Шыңғыс Айтматовтың өмірі мен шығармашылығы «Найман-Ана» туындысы</p>																																	
<p>Ортасы 7мин</p> <p>8 мин</p> <p>5мин</p> <p>2мин</p> <p>5мин</p> <p>3мин</p>	<p>I тапсырма. Топтық жұмыс: Қысқаша мазмұндау «Қонаққа бару»</p> <p>I топ- «Ана – Бейіттің тарихы» II топ- «Найман –Ана бейнесі» III топ- «Мәңгүрт ұл» IV-топ- «Жуан-жуандар бейнесі»</p> <p>II тапсырма. ТЖ Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар. Оқиға желісі бойынша тапсырма құру</p> <table border="1" data-bbox="339 741 1088 972"> <thead> <tr> <th>Жоспар</th> <th>Кейіпкерлер</th> <th>Іс-әрекеті</th> <th>Мінездеме</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> </tbody> </table> <p>Ананың психологиялық көңіл-күйі. ОЖ</p> <table border="1" data-bbox="339 1046 1088 1196"> <thead> <tr> <th>Ананың көңіл-күйі</th> <th>Мәтіннен дәлелдеме</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td> </td><td> </td></tr> </tbody> </table> <p>Сергітүсеті. III тапсырма. ТЖ «Ананың бейнесі» модель құру, мәтіннен үзіндіалаотырып, дәлелдеу.</p> <p>Қазіргі таңда мәңгүрттер бар ма? (ЖЖ)</p> <table border="1" data-bbox="339 1451 1088 1639"> <thead> <tr> <th>Жоламан</th> <th>Қазіргі таңдағы мәңгүрттер</th> <th>Ұқсастығы</th> <th>Ерекшелігі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> </tbody> </table>	Жоспар	Кейіпкерлер	Іс-әрекеті	Мінездеме																	Ананың көңіл-күйі	Мәтіннен дәлелдеме			Жоламан	Қазіргі таңдағы мәңгүрттер	Ұқсастығы	Ерекшелігі					<p>http://kitap.kz/index.php/catalog/audiobook/5250-najman_ana</p> <p>http://www.akikatkaz.kz/?p=345 диалог – қайшылық (противоречие)</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=TwD0jZdUuC8</p>
Жоспар	Кейіпкерлер	Іс-әрекеті	Мінездеме																															
Ананың көңіл-күйі	Мәтіннен дәлелдеме																																	
Жоламан	Қазіргі таңдағы мәңгүрттер	Ұқсастығы	Ерекшелігі																															
Соңы 5мин	<p>Сабақты қорытындылау. Рефлексия. «Екі жұлдыз бір тілек»</p> <p>Бекітүсурақтары: Әңгімеде қандай кезең суреттелген? Жазушының негізіайтаройы, көтерген мәселесі не? Әңгіме өзіңе қандай ой салды? Алған әсерің қандай? ҮІ .Үйге тапсырма беру. Шығармашылық бағыттағы жұмыс. «Бәріңнің деанаң да...» немесе «Менің анам» тақырыбында шығарма жазу.</p>																																	

Қосымша ақпарат		
Бөліп оқыту, Көбірек қолдау көрсету үшін Сіз неістейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларалдында қандай міндеттерді қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалайша тексеруді көздейсіз?	Пәнаралық байланыс Денсаулық пен қауіпсіздік ережелері АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбие)
<i>Берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау, берілетін уақыт, қолданатын дерек көздеріне байланытсы бөліп оқыту. Бөліп оқыту сабақтың кез келген бөлімінде қолданылады.</i>	<i>Бұл бөлімді оқушылардың алған білімін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазу үшін пайдаланыңыз.</i>	<i>Осы сабақ жоспарын құру үшін сізге өзгепән мұғалімдерінің кеңесі қажет болды ма? Берілген тапсырмалардың қайсыбірі оқушылардың қауіпсіздігіне немесе денсаулығына кері әсерете ме? Оқушылар сабақ барысында өздерінің АКТ дағдыларын дамытаала ма? Осы сабақ барысында НИМ құндылықтарын дамытуға мүмкіншілік бар ма?</i>
Рефлексия Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары қол жетімді болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Берілген бөлімді өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.	
Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі дүниені атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты) 1: 2: Қандай екі дүниесі сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізуші еді? (оқытуға және үйренуге қатысты) 1: 2: Осы сабақтың барысында менің келесі сабағыма қажет болуы мүмкін барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы қандай ақпаратты алдым?		

Сабақта топтың жұмыс кезінде топ мүшелері бірлескен жұмыс барысында бір-бірінің іс-әрекетін көріп отырды. Сондықтан кейбіреу оқушылар топ мүшелерінен қалыспай табыспен бәсекестестікке ұмтылды. Топ басшысы бірлескен әрекет ету бойынша топ мүшелерін бағалады және сабақтағы көңіл-күйлерін смайликтер арқылы білдірді. Ал мен өзім бақылау парағына белгілеп отырдым.

Топтық жұмыста ұсынған тапсырмаларда оқушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап, өздеріне ұсынылған тапсырманы орындау жолдарын іздеу барысында топпен шешіп, бір-бірінің көмегіне жүгінді. Яғни, бұл жерде Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікіралмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Бұдан оқушыларды топтық жұмысқа итермелеу арқылы, әрқайсысы өз қабілеттеріне қарай ойларымен бөлісуге ерікті. Берілген тапсырманы орындау барысында әркім өз идеяларын ортаға тастап, өзара рөлге бөліне отырып, берілген уақытты тиімді пайдалануға тырысып отырды. Ал түсінгендерін топпен қорғау барысында топтар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы кеңінен талқылап отырды. Өткізген сабақтарындағы менің рөлім әрдайым бағыт беруші, оқушының ойын толықтырушы, топтық ережелерді сақтау барысын қадағалаушы, оқушылардың білім деңгейін бағалаушы, бақылаушы.

Сабақтың соңында кері байланыс кезінде мен «Нені білемін?», «Не білдім?», «Нені білгім келеді?» деген сұрақтар бердім. Онда оқушылар сабақтың ұнайтынын, өздерін еркін сезінгендерін, болашақта сабақтар топтық үлгіде өтсе екен дегендей ұсыныстар жазыпты. Кері байланыс менің келесі сабақты жоспарлауыма, жаңа әдіс-тәсілді енгізуіме негіз болды. Дракмэн мен Суэтстің (1988) айтуынша кері байланыс пен құрдастарының ескертулері тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге мұғалімнің сынына қарағанда тиімді болуы ықтимал. Алайда оқыту үдерісінде оқушылардың тапсырманы орындаудың бастапқы кезеңінде өзінің білімі мен дағдылары және тапсырма аяқталғаннан кейін нені білетіндігі туралы нақты білген жағдайда ғана тиімді болады.

Қорытындылай келгенде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тәжірибеге енгізу, тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану оқушыға білім берумен ғана шектелмей, алған білімдерін сыныптан тыс жерлерде қолданып, өмірмен байланыстыра алуға, яғни сындарлы ойлануларын дамытуға кеңінен жол ашады. Сондай-ақ бірлескен оқу, ынтымақтаса білім ала отырып, бірін-бірі оқыту, бірін-бірі бағалау әрекеттері олардың пәнге деген қызығушылықтарын оятты. Болашақта өз іс-тәжірибемде топтық жұмысты жүйелі қолдансам нәтижелі білім сапасымен қоса, өнімді деңгейге жетуімізгесептігі тиетінін сенімдімін.

Қолданылған әдебиеттер.

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2015-138 б.
2. Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. (Үлестірмелі материалдар) Екінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2015 ж.
3. Құдайбергенов К.С. (2013). Мектептегі іс-әрекетті зерттеу
4. Орақова А.Ш, Жартынова Ж.А, Қойлық Н.О, Ким В.Н, Корниова Т.Б. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару» (2013)

Нурғалиева Акмарал Кажмуратовна
канд. пед. наук, доцент ПГПИ,
г. Павлодар

РЕАЛИЗАЦИЯ СТРАТЕГИИ ФОРМАТИВНОГО ОЦЕНИВАНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

АННОТАЦИЯ

Оқыту тәжірибесі барысында педагогтар алдында және өзінің оқу жетістіктерінің бағалау үшін білім алушыларының алдында да бағалау және оның объективтілігі өзекті мәселенің бірі. Сабақ барысында нақты да тиімді ұйымдастырылған бағалау үдерісінде оқыту процесін басқарудың міндетті шарты болып табылады. Оқыту үдерісінің диагностикалауы қалыптастырушы